

Алматы қаласы маңындағы аймақтар құрамына кірісті жер пайдалану және ауылшаруашылық мақсатындағы жерлердің ең төменгі мөлшерін бекіту туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Қарасай ауданы мәслихатының 2008 жылғы 28 тамыздағы N 14-3 шешімі және Қарасай ауданы әкімдігінің 2008 жылғы 28 тамыздағы N 8-1111 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаменті Қарасай ауданының Әділет басқармасында 2008 жылдың 19 қыркүйегінде N 2-11-56 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Қарасай ауданы мәслихатының 2009 жылғы 22 желтоқсандағы N 36-4 шешімі және Қарасай ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 22 желтоқсандағы N 12-1223 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Қарасай ауданы мәслихатының 2009.12.22 N 36-4 Шешімі және Қарасай ауданы әкімдігінің 2009.12.22 N 12-1223 Қаулысымен

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» Заңының 6 бабының 13 тармақшасына, 31 бабының 10 тармақшасына, Жер кодексінің 24, 37, 108, 109, 110 баптарының негізінде, «Алматы қаласының статусы және оны дамыту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 17 наурыздағы № 228 Қаулысына сәйкес аудан мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ** және аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қалалардың, кенттердің, селолық елді-мекендердің жері олардың бас жоспарларына, жоспарлау мен құрылыс салу жобаларына және аумақтың жер шаруашылық орналастыру жобаларына сәйкес пайдаланылсын.

2. Алматы қаласы жанындағы аймақтар, жерлер құрамына кіретін, қаламен біртұтас әлеуметтік, табиғи және шаруашылық аумақ құрайтын және қала шетінен тыс жерлердің, қала жанындағы аймақтарда қала маңындағы ауылшаруашылығы өндірісін қарқынды дамыту, қалақұрылысын ерекше реттеу аймақтарының нысанасына сәйкес Алматы қалалық және облыстық атқарушы, мемлекеттік сәулет және құрылыс комитетінің органдарымен келісіп п а й д а л а н ы л с ы н .

3. Ауылшаруашылығы мақсатындағы жерлердің жеке меншіктегі ең төменгі мөлшері Қазақстан Республикасы азаматтарына аудан бойынша бір адамға:

- 1). 0,5 га суармалы айдалған;
- 2). 1,0 га суарылмайтын айдалған;

3) . 2,0 га ж а й ы л ы м д ы қ ;

4) . 2,0 га ш а б ы н д ы қ ;

Басқа категориядағы жер мөлшері (бау-бақ өсіру, өзіндік қосалқы шаруашылығы) Қазақстан Республикасы Жер Кодексінің 50 бабының 2 тармағына сәйкес қалдырылсын.

Жекешелендіру кезінде берілген суармалы және суарылмайтын жер телімдері , жер үлестеріне сәйкес бөлінсін.

5. Осы біріккен шешім мен қаулының орындалуына бақылау жасау аудандық мәслихаттың ауылшаруашылығы, жер, құрылыс мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына (Ж.Исағұлов), аудандық жер қатынастары бөліміне (А.Сейтәшімов), ауданның сәулет және қалақұрылысы бөліміне (Т.Бектасов) жүктелсін.

әкімі Қ а р а с а й а у д а н ы н ы ң
Мұсаханов А. Т.

хатшысы А у д а н д ы қ м ә с л и х а т
Ахметов М. Т.